



Ұлттық мұдда

2 бет

Сыдықовпен сұхбат

3 бет

Білімді ұрпақ ел ертеңі

4 бет

ABAY UNIVERSITY №05 (240) мамыр мау **2024**
2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

ҚҰТТЫҚТАУ

ҚЫМБАТТЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ! ҚҰРМЕТТІ ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ!

Сіздерді еліміз үшін қасиетті де ұлы мереке 9 мамыр - Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн - жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы, еліміздің өркендеуі - аға буынның жанқияр ерлігі мен еселі еңбегінің жемісі.

Есімдері тарих бетінен мәңгі өшпейтін ержүрек аға буын-ардагерлер алдында мәңгі қарыздармыз. Олардың қайсарлығы, табандылығы мен адалдығы жер бетінде бейбітшілік орнатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың жарқын болашағына жол ашты. Бүгінде біз өз кезегімізде ардагерлердің қиын-қыстау кезеңде көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығын үлгі тұтып, елге, қоғамға адал қызмет ету арқылы олардың мұрасын жалғастыруға міндеттіміз.

Елдің азаттығы мен ұрпақтың жарқын болашағы үшін жанын қиған ержүрек батырларымызды мәңгі есте сақтау - азаматтық борышымыз. Осы орайда, Отан үшін отқа түсіп, қан майданнан аман оралған қадірлі ардагерлерімізге бейбіт өміріміз бен бақытты болашағымыз үшін алғысымды білдіргім келеді. Сіздерге шын жүректен зор денсаулық және ұзақ ғұмыр тілеймін!

Аспанымыз ашық, елімізде аман, заманымыз тыныш болсын!

Құрметпен,
ректор Болат Тілеп

ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



БАҚЫТ ГҮЛІН ТЕРГЕН КҮН

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Әлеуметтік даму және жастар саясаты жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен Жеңістің 79 жылдығына арналған «Бақыт гүлін терген күн» мерекелік іс-шарасы өтті.


Шара аясында Басқарма төрағасы - ректор Болат Тілеп өшпес даңқ пен қайсарлықтың, Отанға деген сүйіспеншілік пен жанқиярлық ерліктің үлгісіне айналған ұлық мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Мерекелік іс-шара барысында жиналған қауым Жеңіс аллеясында майданда қаза болған жауынгерлерге тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

Сонымен қатар, шара қонақтары университет асханасында арнайы дайындалған дастархан мәзірінен дәм татты. Университет тарапынан соғыс ардагерлеріне сыйлықтар табысталды.

Әлеуметтік даму және жастар саясаты жөніндегі департаменті

СҰХБАТ

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ҒЫЛЫММЕН АЙНАЛЫСУҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН



Бақыт СЫДЫҚОВ,
Математика, физика және информатика институтының директоры

- Бақыт Диханбайұлы, әне-міне дегенше бийлығы оқу жылы да аяқталуға жақын. Енді көп ұзамай жазғы қарабалас басталады. Олай болса, арқамызға қайырылып бір қарап, сонан соң жаңа бастамаларға қарай ойыссақ, бұған қалай қарайсыз? Ендеше әңгімені өзіңіз басқаратын институттың тарихына қысқаша шолу жасаудан бастасаңыз?

- Өздеріңіз жақсы білесіздер университетіміз тұңғыш жоғары оқу орны ретінде 1928 жылы құрылған. Сол кезде жаңа ашылған жоғары оқу орнының құрамындағы жалғыз факультеттегі үш бөлімнің бірі ретінде физика-математика бөлімі құрылған-ды. Осы бөлімнің негізінде физика-математика факультеті, ал бүгінгі күні Математика, физика және информатика институты қалыптасты.

Алғаш ашылған факультетіміздің деканы, қазақтың біртуар азаматы, Алашорда көсемдерінің бірі Әлімхан Ермековтың болғанын зор мақтанышпен айта аламын.

95 жылдық тарихы бар біздің түлектерден көптеген ұлағатты ұстаздар, ғалымдар шықты. Солардың бірегейі ретінде физика-математика ғылымдарының докторы, профессор О.А. Жәутіковтың есімін ерекше атауға болады. Аптал азамат факультетте кафедра меңгерушісі, декан, университеттің ғылым жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды.

Ерекше түлектеріміздің қатарында Б.С. Жаңбырбаев пен Қ.Қалиеваларға тоқталғым келеді. Сол жылдары профессор Б.Жаңбырбаев елімізде ықтималдықтар теориясы саласынан ғылыми атақ қорғаған жалғыз маман болды. Бұдан басқа факультет деканы, кафедра меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды.

Ал оның жұбайы аға оқытушы Қ.Қалиева физика пәні бойынша оқулықтардың авторы еді. Профессор Б.Жаңбырбаев әр дәрістің алдында аудиторияның қабырғасына алақанын қойып, «Қарт ҚазПИ-ді аялаңдар» деп, сонан соң дәрісін бастаушы еді.

Бегалы Сәдуақасұлы ҚазПИ-де оқып жүрген кезімізде тобымыздағы жалғыз қыз Қалыш апайларыңа мен таңдап үйленгенмін десе, апайымыз, сонша ұлдың ішінен өзінің таңдағанын әзілдеп айтып отыратын.

ЖАҢАЛЫҚ

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ БАЗАСЫНДА ЛОТАРИНГИЯ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ФИЛИАЛЫ АШЫЛДЫ



Ғылыми кеңестің кезекті отырысын Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры Болат Тілеп соңғы жаңалықтарды таныстырудан бастады. 10 мамырда ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен Абай атындағы ҚазҰПУ мен Лотарингия университетінің ресми өкілі Пьер Тиффин арасында құқық, педагогика және мемлекеттік басқару саласында Лотарингия университетінің филиалын ашу туралы келісімге қол қойылды. Ынтымақтастық аясында халықаралық құқық, педагогика және мемлекеттік басқару бойынша қос дипломдық бағдарламалар жүзеге асырылып, академиялық ұтқырлық кеңейтілетін болады.

Жиын барысында ректор Болат Тілеп құрметті қонақ Лотарингия университетінің (Франция) Құқық, экономика және мемлекеттік басқару институтының директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Пьер Тиффинді таныстырды. Пьер Тиффин құттықтау сөзінде Лотарингия университеті және жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты дамыту перспективаларын сөз етті.

Кездесу соңында ректор Болат Тілеп атқарылған жұмыстарға ризашылығын айтып, жылы тілегін білдірді.

Елімізде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарының ашылуы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына, сондай-ақ ҚР Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылып жатыр.

Баспасөз қызметі

КОНФЕРЕНЦИЯ

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЛЫМЫ

Жошы ұлысы өмір сүрген дәуір қазақ жеріндегі мемлекеттілік дәстүрдің дамуының маңызды кезеңдерінің бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында ұлт тарихындағы ерекше орны бар тұлғалар туралы айта келіп, әсіресе Жошы ұлысының 800 жылдығын атап көрсеткен болатын: «Жошы ұлысы Қазақстанның мемлекеттілік дәстүрінде айрықша орын алады. Еліміздің өткені, бүгінгі мен болашағы оның тарихи мұрасымен тығыз астасып жатыр. Ендеше, Алтын Орда туралы халықаралық аренадағы түсінік Қазақстанмен тікелей байланысты болуы керек», - деп тоқталуы қазақ тарихшыларына үлкен жауапкершілік жүгін сезіндірді.

22 мамырда Абай университетінде Алтын Ода, Жошы ұлысының 800 жылдығына арналған «Жошы ұлысы: тарихы, мұрасы және тағлымы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Жиын барысында Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбектің, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың конференция қатысушыларына құттықтауы оқылды.

Университеттің зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Ертай Сұлтан аталған оқу орны ректоры-басқарма төрағасы Болат Тілептің қатысушыларға арнайы тілегін жеткізді. Ректор қазақ этногенезі мен қазақ жеріндегі политогенез үдерістері Жошы ұлысымен (Алтын Ордамен) тығыз байланысты екенін, ұлыстың Қазақ мемлекеттілігі тарихындағы орнын айқындау және талдау, Отан тарихына деген жаңа ғылыми көзқарас қалыптастыру маңызды екеніне тоқталған. «Жошы ұлысы құрамында қазақ этносның негізгі бөлігінің қалыптасуы аяқталды, болашақ Қазақ хандығының саяси институттары, мемлекеттік идеологиясы айқындалды. Қазақ халқы 300 жылдан астам уақыт билеген хандарымыз Жошының тікелей ұрпақтары екендігі белгілі.

Басы. Жалғасы 2 бетте

Басы. Жалғасы 3 бетте

АЛТЫН КӨПІР

ҒЫЛЫМ

РЕКТОР БОЛАТ ТІЛЕП СИНГАПУРДА ӨТКЕН ФОРУМҒА ҚАТЫСТЫ

19-23 мамыр аралығында Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры Болат Тілеп Сингапурда өткен «Kazakhstan-Singapore Forum: New Partnerships Frontiers in Science and Higher Education» форумына қатысты. Бұл сапарды ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі еліміздің жоғары оқу орындарының басшылары үшін ұйымдастырды.



Форумға қатысу мақсаты - халықаралық байланыстарды нығайту, ғылым және жоғары білім саласындағы озық тәжірибемен алмасу, сондай-ақ Қазақстан мен Сингапур университеттері арасындағы стратегиялық серіктестікті дамыту.

Nanyang Technological University (Сингапур) өткен форум аясында ҚР жоғары оқу орындарының ректорлары жоғары білім беру саласындағы кәсіподақтардың маңыздылығына, мемлекеттік саясатты зерттеулерге интеграциялауға, жоғары оқу орындарын дамыту үшін зерттеулердің маңыздылығына, университеттерді стратегиялық жоспарлауға және оларды жедел дамытуға арналған дәрістерге қатысты. Сондай-ақ, қазақстандық делегация мүшелері жоғары оқу орындарында персоналды басқару бойынша семинарға қатысты, онда қызметкерлерді ынталандырудың маңыздылығы талқыланды. Nanyang Technological University мен медицина факультетіне экскурсия ұйымдастырылып,

университеттің оқу және ғылыми қызметі таныстырылды.

Сонымен қатар, Болат Тілеп Сингапурдың аға министрі Дезмонд Тан сияқты спикерлермен кездесті. Кездесу барысында жоғары оқу орындары мен ұйымдардағы кәсіподақтардың жұмысының жаңа формалары мен болашағы, сонымен қатар университеттерді дамытудағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының рөлі туралы мәселелер талқыланды.

Отандық жоғары оқу орындарының ректорлары Қазақстан-Сингапур білім беру форумына және бірқатар бизнес-форумдарға қатысты, бұл екі ел арасындағы әріптестік байланыстарды нығайтуға және ғылым мен жоғары білім саласындағы ынтымақтастықтың жаңа көкжиектерін ашуға ықпал етті.

Баспасөз қызметі

«АБАЙ» СТИПЕНДИЯСЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

13 мамырында Абай университетінде ғылыми және психология факультеті), Раметолла Айгерім кеңестің кезекті отырысында Басқарма төрағасы - (Тарих және құқық факультеті), Сарсеналиева ректор Болат Тілеп «Абай» стипендиясының иегерлерін марапаттап, оларға ізгі тілегін білдірді.

Абай атындағы ҚазҰПУ академиялық жетістіктерді арттыру және ғылыми таланттарды ынталандыру мақсатында алғаш рет «Абай» шәкіртақысын іске қосқан болатын. Университет тарихындағы тұңғыш «Абай» стипендиясын тағайындау үшін үміткер студенттер арасында конкурс жарияланып, арнайы ереже де бекітілген. Конкурс нәтижесі бойынша Аманова Гүлайна (Филология факультеті), Асылва Уміт (Жаратылыстану және география факультеті), Балтабай Альбина (Жаратылыстану және география факультеті), Жұмағалиева Аружан (Педагогика

факультеті), Темірбекова Дильназ (Филология факультеті), Ткаченко Анастасия (Педагогика және психология факультеті), Айдосұлы Әділет (Тарих және құқық факультеті), Жахан Арсен (Жаратылыстану және география факультеті) аталған стипендияға лайық деп танылып, «Абай» стипендиясына лайық деп танылды.

«Абай» стипендиясының иегерлері 2024 жылдың 1 ақпанынан бастап ай сайын 100 000 теңге көлемінде шәкіртақы алады. Барлық жеңімпаз студенттерімізді үлгі боларлық жетістіктерімен құттықтаймыз!

Баспасөз қызметі

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Абай атындағы ҚазҰПУ-да Қазақстанның белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Астана мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитетінің төрағасы, Республикалық Тоғызқұмалақ федерация президенті Әлихан Байменовпен «Ұлттық мүдде және мемлекеттік қызмет» тақырыбында кездесу өтті.



Кездесуді университеттің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Мақсат Жақауов жүргізіп отырды.

Іс-шараның мақсаты мемлекеттік қызметтің негізгі мәселелерін және оның Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау мен ілгерілетудегі

рөлін талқылау болды. Сонымен қатар, «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойынын насихаттаудың маңыздылығы атап өтілді. Бұл маңызды кездесу қатысушыларға студенттер мен университет қызметкерлері арасында мемлекеттік қызметтің міндеттері мен жауапкершілігі туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Әлихан Байменов кәсіби біліктілік, ашықтық пен ұлттық мүддеге адалдықтың маңыздылығына тоқталып, мемлекеттік қызметті дамыту жөніндегі өз көзқарасымен бөлісті. Ол дамыған елдердің озық тәжірибесін енгізуге, жаңа цифрлық технологияларды қолдану мемлекетті нығайтуға, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге ықпал ететінін атап өтті.

Кездесуде мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, оның тиімділігін арттыру және қалыптасқан жағдайға бейімделу мәселелері көтерілді. «Өскеген ұрпақты тәрбиелеуде маңызды адамгершілік құндылықтармен қатар ұлт болашағын қалыптастыруда табысқа жеткен негізгі мәселелерін және оның Қазақстанның тұлғалардың өмірлік тәжірибесін кезінен насихаттау қажет», деді Ә. Байменов.

Ақерке ЫСҚАҚ

Жалғасы. Басы 1 бетте

ЖАС ӨНЕРПАЗ

Университеттің зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Ертай Сұлтан аталған оқу орны ректоры-басқарма төрағасы Болат Тілептің қатысушыларға арнайы тілегін жеткізді. Ректор қазақ этногенезі мен қазақ жеріндегі политогенез үдерістері Жошы ұлысымен (Алтын Ордамен) тығыз байланысты екенін, ұлыстың Қазақ мемлекеттілігі тарихындағы орнын айқындау және талдау, Отан тарихына деген жаңа ғылыми көзқарас қалыптастыру маңызды екеніне тоқталған. «Жошы ұлысы құрамында қазақ этносның негізгі бөлігінің қалыптасуы аяқталды, болашақ Қазақ хандығының саяси институттары, мемлекеттік идеологиясы айқындалды. Қазақ халқын 300 жылдан астам уақыт билеген хандарымыз Жошының тікелей ұрпақтары екендігі белгілі. Алтын Орданың ыдырауы тарих төріне ортағасырлық ұлттық мемлекет – Қазақ хандығының шығуына әкелді. Сондықтан қазақ халқы осы

кафедрасының меңгерушісі, академик Берекет Кәрібаевтың айтуынша, соңғы жылдары Алтын Орда, Жошы хан тақырыбына саяси мән беріліп, тарихи даталарға байланысты маңызы артып келеді. Осы орайда Жошы ұлысы, Алтын Орда тарихына қатысты көптеген дерек зерттелді. Бұл кезеңнің тарихын «Алтын Орда дәуірінен қалған тарихи сөз тіркестері мен мәтелдер» тақырыбымен байланыстыра баяндаған тарихшы Алтын Орда дәуірінен бүгінге дейін халықтың бір сөзбен түйіндеп жеткізген сөз тіркестерінің мәніне тоқталды. Алтын Орда саясаты, ислам дінінің келуі, билеушілер саясаты, тақ мұрагерлігіне қатысты бірқатар дәйекті зерттеуіне арқау ете отырып, ғалым көнеден жеткен сөз тіркестерін зерттеу арқылы тың деректерді ашуға болатынын атап өтті.

Орта ғасыр тарихын зерттеп жүрген Назарбаев университетінің

профессоры Юлай Шамилоглы Алтын Орда мен Қазақ хандығының байланысын қарастыра келіп, саяси құрылымның ықпалына тоқталды. Сол дәуірдегі хандықтардың билік жүйесі туралы айта келіп, бүгінде парсы, араб, түрік тілдеріндегі дереккөздерді зерттеу қажеттігін алға тартты.

«Моңғолдың құпия шежіресі» деген атпен енген «Юаньчао биши» шығармасындағы Жошы бейнесіне тоқталған белгілі шығыстанушы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Клара Хафизова бұл еңбекте Жошы өмірінің маңызды кезеңдері қамтылатындығын атап өтті. «Орта Азиядағы соғыстың бәрінде Шыңғыс ханның үлкен ұлдары оның талантты көмекшілері болды. Өкінішке қарай, ағайындылар арасындағы бәсекелестік бәсеңдеген жоқ. Жошы ұлысы төрт ұлы хандықтың бірі болған, ал оның өзі Алтын Орда хандарының, оның аумағындағы кейінгі хандықтар-

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЛЫМЫ

мемлекеттің тікелей мұрагері екенін мақтанышпен айта алады» делінген ректор сөзінде.

Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, академик Ханкелді Әбжанов Қазақ мемлекеттілігінің пайда болуы, мәні, басқару тәсілдерін бірнеше дәуірге бөліп, «Қазақ хандығы пайда болғанға дейінгі мыңжылдықтарды түркілену, исламдану, қазақтану дәуірі, яғни Жер-ананың қазақты, оның мемлекетін дүниеге әкелуге толғатқан ғасырлары десек қателеспейміз», деп атап өтсе, Анкара университетінің профессоры Абдуллах Гюндөғду «Жошы ұлдары дәуіріндегі Анадолы Дешті Қыпшақ қатынастары» баяндамасында Жошы ұлысы мен Осман империясының қарым-қатынасы туралы ғылыми деректерімен бөлісті.

Жошының ұлысының тарихын әріден қозғап, әр тілде жазылған тарихи дереккөздерде Жошы ұлысының халқы өзбектер, татарлар, тоқмақтар деп аталғанын, алайда олардың бүгінгі бұл халықтармен байланысы жоқ екенін баяндамасына арқау еткен Торонто университетінің профессоры, PhD Джю-Юп Ли Жошы ұлысының жазба деректердегі тарихына талдау жасады.

Жапония Ұлттық технология институтының зерттеуші ғалымы, Жошы ұлысы тарихының маманы Хироюки Нагаминэ баяндамасын ортағасырлық тарихи дереккөз «Muntakhab al-Tawarikh-i Mu'ini» шығармасына арнады. Автор «Muntakhab al-Tawarikh-i Mu'ini» шығармасын басқа дереккөздермен салыстыра талдай келіп, шығармада кездесетін Келдібектің «Чингиз-наме/Кара Таварих» дерегінде «Жалған Келдібек» аталатындығына назар аударды. Сонымен қатар Париж қолжазбасымен және Түркияның Топқапы музейіндегі авторы белгісіз қолжазбамен салыстыра қарастырып, олардың арасындағы ұқсастық пен ерекшеліктерге тоқталды. Осы деректерде Жошының аты «Сайын хан» және «Өзбек» деп қате берілгенін атап көрсетті ғалым.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Қазақстан тарихы



дың атасы болды. Сондықтан Жошыны Орталық Қазақстанда жерлеу туралы аңыз кездейсоқ пайда болған жоқ. Әскери қолбасшы, дипломат ретінде Жошы өзін талай жорықтарда мойындатты», деді ғалым өз сөзінде.

Алтын Орда дәуіріндегі Сарайшықтың сәулетті құрылыстары жайында баяндама жасаған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Мұхтар Қожа тарихи жазба деректерде, ауыз әдебиетінде кездесетін Сарайшықтағы құрылыстар жайындағы мәліметтерді археологиялық зерттеу материалдарымен салыстыра келіп, аймақтағы көне қалалардың орнын су шайып бара жатқандығын қынжылыспен жеткізді.

Конференцияда ғалымдар Жошы ұлысының тарихнамасы мен дереккөздері, Алтын Орданың тарихи географиясы, этносаяси, экономикалық және мәдени тарихына қатысты жаңа көзқарастар, ұлыстың іргелес көрші мемлекеттермен дипломатиялық байланыстары, Еуразиядағы халықаралық қатынастардағы Алтын Орда хандарының рөлі, Қазақ хандығымен сабақтастығы туралы зерттеулерімен қатар Қазақстан тарихындағы өзектілігі, оқыту үрдісінде көрініс табуына қатысты пікірлерін ортаға салды.

Қазақ этногенезі мен қазақ жеріндегі политогенез үдерістері Жошы ұлысымен (Алтын Ордамен) тығыз байланысты. Жошы ұлысы құрамында қазақ этносның негізгі бөлігінің қалыптасуы аяқталды, болашақ Қазақ хандығының саяси институттары, мемлекеттік идеологиясы айқындалды. Түптеп келгенде, қазақ халқын 300 жылдан астам уақыт билеген қазақ хандары Жошының тікелей ұрпағы болып табылады.

Болат ЖҰМЫНҰЛЫ

Институтымызда Кеңестер Одағының алдыңғы қатарлы университеттерін бітірген доцент С.Боқаев, ҚазКСР ҒА корреспондент-мүшесі, профессор Б.Оразбаев, профессорлар Ш.Еркеғұлов, Қ.Бақтыбаев, С.Ерматов, М.Құдайқұлов, Б.Қ.Нақысбеков, Б.Баймұханов, Қ.Мұқашев, Е.Б.Шалбаев, Ж.Тоқыбетов, О.Сатыбалдиев, академик Ғ.Уәлиев және т.б. көптеген ұлағатты ғалым-ұстаздардың қызмет атқарғанын ерекше жылы сезіммен еске аламыз.

- МФИИ-да студенттерге заманауи білім берумен бірге жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ықпал ету үшін қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

- Студенттерді жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ықпал етуде біршама жұмыстар атқарылып жатыр. Соның бірқатарына тоқталып өтейін.

Ең алдымен, студенттерге өз мамандығы бойынша және одан

оқу және робототехника, мехатроника зертханалары қызмет көрсетеді.

Институтымыздың профессор-оқытушылар құрамы және білім алушылар өздерінің бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын осы зертханаларда ұйымдастырып, жүргізеді. Бүгінгі таңда институтымызда мемлекет тарапынан қаржыландыратын 10 ғылыми жоба жүзеге асырылуда.

Оның жалпы көлемі 550 млн теңгеден асады. Бұл бағыттағы жобаларды жүзеге асыру үшін институттың ғылыми әлеуеті жоғары екенін атап өтуіміз керек, яғни жалпы оқытушылар құрамының 60 пайыздан астамы ғылыми дәрежелі атақтарға ие.

Атап айтқанда, ҚР ҰҒА академигі А.Әбілқасымова, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі В.Н.Косов, профессор А.С.Бердышев, профессор Б.Ахметов, PhD докторлар Ә.Қырықбаева, Е.Оспан-

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеттерінен 12 студент ағымдағы семестрге академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға қабылданды.

Сондай-ақ, біздің магистратура бағдарламасы бойынша білім алушыларымыз Стамбұл, Қазан университеттерінде тағлымдамадан өтіп келді.

- Студент - оқу ордасының айнасы ғана емес әрі мақтанышы. Олай болса, кәсіби салада болсын, ғылымда, спортта, өнер-білімде болсын, студенттеріңіздің қандай жетістіктерін ерекше атап өткен болар едіңіз?

- Жастар - ел болашағы, ата-аналары мен Отанымыздың үміті. Біздің студенттер білімге құштар, жан-жақты дамыған, белсенді және шығармашыл жастар. Студенттеріміз ғылымда да, спортта да, өнер-білім жағынан да жақсы жетістіктерге жетуде. Заңғар



АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ҒЫЛЫММЕН АЙНАЛЫСУҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

тыс әртүрлі машықтану курстары бар. Бұл - курстар студенттеріміздің әртүрлі дағдылар мен қызығушылықтарын дамытуға көмектеседі (шахмат, робототехника, бағдарламалау).

Екіншіден, студенттерге әртүрлі салалардағы білімін біріктіруге ықпал ететін Minor бағдарламалар қарастырылған, яғни, педагогикалық емес мамандық студенттері өз таңдауы бойынша педагогикалық мамандықтың пәндерін оқу мүмкіндігіне ие. Себебі бұл студенттер келешекте білім беру саласында жұмыс істеуге қызығушылық танытады.

Үшіншіден, студенттердің шығармашылықтарын шыңдап, дамытуға ықпал ететін әртүрлі мәдени іс-шаралар (мысалы, «Екі жұлдыз», «КВН» сияқты) ұйымдастырып тұрамыз.

Төртіншіден, студенттер алған білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік беретін кәсіби пәндер бойынша жобалық жұмыстарға, олимпиадаға, ғылым декадасына қатысу мүмкіндігіне ие.

Бесіншіден, цифрлық сауаттылықтарын дамытуда студенттерге заманауи технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын шыңдау бағытында цифрлық білім беруге арналған пәндерді оқиды, яғни, Жасанды интеллект технологиялары, Білім берудегі робототехника және мехатроника, Білім беруді цифрлық технологиялар, GameDev негіздерін үйретеміз.

Алтыншыдан, студенттердің өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі зерттеуге және білімді үнемі жаңартуға деген қызығушылығын оятуға бағытталған жеке өзіндік жұмыстар қарастырылған.

Содан соң, студенттер жеке тұлға және кәсіби маман ретінде дамуына көмектесетін педагогикалық және өндірістік практикаларын орта білім беру мекемелерінде, ғылыми-зерттеу институттарында, өндіріс орындарында өтеді.

- Қазір шығармашылықпен, ғылыммен айналысамын деген жастарға университетте барлық жағдай жасалған. Сіз басқаратын институтта бұл мәселе қалай жолға қойылған? Қандай ғылыми жобалар жүзеге асырылып жатыр? Институттың ғылыми әлеуеті мен жобалардың маңыздылығына тоқталып өтсеңіз.

- Біздің институтымызда ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу үшін қолайлы жағдай жасалған. Атап айтқанда, математика, физика және информатика ғылыми бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу зертханалары қарастырылған. Олар «Педагогикалық білімді дамыту орталығы», «Білімді ақпараттандыру және білім технологиялары мәселелері ғылыми зертханасы» мен «Физиканы оқыту технологиялары және қолданбалы зерттеулер лабораториясы». Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын шыңдауға 10 компьютер сыныптары, 8 физикалық



беков, М.Ревшенова, Ж.Байшемиров, А.Рысқан осы аталған ғылыми жобаларға жетекшілік жасайды. Мақтанш сезіммен атап өтетін жағдай, биылғы оқу жылында PhD Ә.Қырықбаеваның ғылыми жобасының нәтижесі коммерциализация жасалында, яғни оның нәтижелері өндірісте кеңінен қолдану үшін қосымша қаржыландыруға ие болды. Бұл университет тарихындағы алғашқы жағдай болып отыр.

- Абай университеті Қазақстанның өңірлік ЖОО-мен екіжақты келісімдер негізінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы жұмыс жасап жатқаны белгілі. Бұл мәселе Сіз басқаратын институтта қалай жолға қойылған? Білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру мәселесі туралы да тілге тиек ете кетсеңіз?

- Иә, бұл академиялық ұтқырлық негізінде білім алушыларды алмасу арқылы өз білім беру бағдарламаларымыздың кемшіл тұстарын шыңдай отырып, өз жетістіктерімізді шәкірттеріміз арқылы басқа ЖОО-да көрсету мүмкіндігіне ие боламыз. Осы оқу жылында біз академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Адам Мицкевич университетіне, (Польша) 26.02.2024 - 06.07.2024 ж. аралығында, 5 студентті 1 семестрлік оқуға жібереміз.

Ал бізге Ресейдің Петрозаводск мемлекеттік университетінен магистранттар осы семестрге академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға қабылданды. Сонымен қатар ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Есенов университетінен, Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінен және

жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, «қашанда халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе - білім ғана. Дамыған заманның ең мықты қаруы - білім». Осы орайда институтымыздың 4-ші курс студенттері Лейла Заирова, Диана Нұрмұхамедова мен Мерейлім Төлебай оқуда көрсеткен жоғары білім көрсеткіштері нәтижесінде Президенттік шәкіртақы иегерлері болып табылады. Республикалық «Елбасы медалі» жобасының аясында «Физика-информатика» мамандығының 1 курс студенті Ақниет Налхан күміс медальмен, ал «Математика» мамандығының 1 курс студенттері Ақерке Танабай мен Аружан Несіпқазы және Нұрасыл Орнықбай қола медальдарымен марапатталған.

Спорт саласында да студенттеріміздің жеткен жетістіктеріне тоқталып өтсем. «Математика» мамандығының 3 курс студенті Шарапат Бейсенова волейболдан өткен институтшілік байқауда үздік ойыншы марапатымен, университетаралық байқауда жүлделі II орынмен марапатталды.

«Математика» мамандығының 2 курс студенті Низамдун Хезизов 2023 жылы Ережесіз жекпе-жекпен Қазақстанның күміс жүлдегері, Алматы қаласының чемпионы. Понкратионнан Алматы қаласының чемпионы, ММА-ден Алматы қаласы бойынша күміс жүлде иегері атанды.

«Физика» мамандығының 2 курс студенті Алуа Каримбекова былтыр өткен 12-ші жазғы универсиадада 100 метр кедергімен жүгіруден жүлделі 3-ші орынды иеленді.

«Физика» мамандығының 4 курс студенті Ирадам Нариманова «VIII халықаралық кітап басылымы», «Үздік жас студенттер - 2023» ғылыми және оқу орындары арасында Бірлестік түріндегі заңды тұлғалар бірлестігі ұйымдастырған жоба аясында II дәрежелі дипломмен марапатталған.

«Математика-физика» мамандығының 1 курс студенті Нұрдаулет Елубай республикалық ғылыми жобасында және Ө.Жолдасбеков атындағы халықаралық ғылыми зерттеу жобаларында 3-ші орын, ал Республикалық зерттеу жобалар конкурсында 1-ші орын иегері атанды. 2023 жылы 12 қыркүйекте Алматыда сұлулық байқауының соңғы межесі өткен болатын. Байқау қорытындысы бойынша институтымыздың «Физика» мамандығының 4 курс студенті Наталья Петри «Мисс Алматы-2023» атағын иеленді. Міне, бұл жастардың бәрі біздің болашағымыз әрі мақтаныштарымыз.

- Жұмыстарыңызға табыс тілейміз. Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Болат ШАРАХЫМБАЙ

ЖАПОНИЯДАН КЕЛГЕН ПРОФЕССОРДЫҢ АШЫҚ ДӘРІСІ



Абай Университетінде Жаратылыстану және география факультеті, химия кафедрасының ұйымдастыруымен Жапонияның Тохоку университетінен келген ғалым Нүрбосын Жанпейісовтың "Кластерлік есептеулер негізінде жаңа энергетикалық материалдарды құру" тақырыбында ашық дәрісі өтті. Дәріске факультет ұстаздары, магистранттар мен докторанттар қатысты.

Кездесу барысында Нүрбосын Жанпейісов Қазақстан мен Жапонияның білім саласындағы өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып, өз зерттеулерін жүргізудегі тәжірибесімен бөлісті. Сондай-ақ, табиғат пен қоршаған ортаға зиян келтіретін химиялық элементтер, оларды Жапон ғалымдары адам пайдасына қалай асырып жатқанын әңгімелеп, күн сәулесі және оны тиімді пайдалану әдістерімен бөлісті.

Ашық диалог форматында өткен дәріс қатысушыларға белсенділік танытып, пікір алмасуға мүмкіндік берді. Дәріс соңында қатысушылар лекторға өздерін қызықтырған сауалдарды қойып, нақты жауаптар алды.

Жапониядан келген профессор Абай университетінде 21 мамырға дейін дәріс оқиды.

«ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІМ»

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Педагогика» кафедрасы «Ұлттық тәрбие» орталығымен бірлесіп педагогикалық мамандықтардың 1 курс студенттері арасында «Ұлттық тәрбиеге қосқан үлесім» тақырыбында жалпыуниверситеттік конкурс өткізді.



Жиынға қатысушыларды әлеуметтік даму жөніндегі проректор Мақсат Жақауов құттықтау сөз сөйлеп, ұлттық кодты сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізу үшін ұлттық бірегейліктің маңыздылығына тоқталды.

Жарысқа бұрын әр институтта өткен іріктеу кезеңінің жеңімпаздары атанған 6 команда қатысты. Конкурс бірнеше кезеңнен тұрды, оның әрқайсысында қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жаңартқан тапсырмалар болды. Жеңімпаздарға сыйлықтар табыс етілген көрермендермен интерактивті ойын, Өнер, мәдениет және спорт институты студенттерінің музыкалық қойылымдары көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Сайыскерлерді Қазақстан халқы Ассам-

блеясының кафедра меңгерушісі Г.Шаһарманнның басшылығымен білікті қазылар алқасы, қазылар алқасының мүшелері ҚазМемҚызПУ доценті Р.Қарсыбаева, «Abai University» газетінің бас редакторы Б.Шарахымбай, Академиялық мәселелер бойынша департамент директорының орынбасары Т. Әуелғазина, педагогика кафедрасының меңгерушісі Ш. Колумбаева бағалады.

Конкурс қорытындысы бойынша 1 орынды «Shanyraq» командасы (МФИИ); 2 орынды «Елімай» командасы (ППИ); 3 орынды «Шаңырақ» командасы (ЖГИ) иеленді. Номинацияларға Ы. Алтынсарин атындағы «Жас тұлпар» командасы (ТЖҚИ); М.Жұмабаев атындағы «Берілі байрақ» командасы (ДШЖС); Ө.Жәнібеков атындағы «Аманат» командасы (ФИ) ие болды.

Жеңімпаздар дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталса, команда жетекшілеріне алғыс хаттар және барлық қатысушыларға сертификаттар табыс етілді.

Ақерке ЫСҚАҚ

ПЕДАГОГТАР МЕН СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР АРАСЫН ЖАҚЫНДАСТЫРУ

Абай университетінде «Климат өзгерісі бойынша білім берудің болашағы: педагогтар мен стейкхолдерлер арасында синергия құру» Азиялық форум басталып, азиялық педагогтардың климаттың өзгеруі бойынша білім беру (ATECCE) жобасының II кезеңінің бірінші кездесуі өтті. Форум үш күнге созылды.



Форумның ашылуына Абай университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Болат Тілеп, Окайма университеті Тұрақты даму мақсатында білім беру орталығының директоры Хироки Фуджи, 2007 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты Рае Квон Чунг, ҚР Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясының, Алматы қаласын дамыту орталығының, ЮНЕСКО-ның Алматыдағы өңірлік кеңсесінің өкілдері, Корея, Филиппин, Жапония, Индонезия, Үндістан, Қытай, Өзбекстан елдерінен келген сарапшылар қатысты.

Іс-шараны Абай университеті Окайма университетімен, ЮНЕСКО-ның Алматыдағы өңірлік кеңсесімен бірлесіп, Жапонияның ғылымды дамыту қоғамының (JSPS) қолдауымен ұйымдас-тырды. Мақсаты - климаттың өзгеру мәселелерін

шешу үшін білім беру мекемелері мен стейкхолдерлер арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту. Форум білім беру-дегі тұрақты даму мен инновацияға ықпал ететін бірлескен стратегияларды әзірлей отырып, білім және озық тәжірибе алмасу алаңын құруға бағытталған.

Болат Тілеп іс-шараның маңыздылығына тоқталып, педагогикалық білім берудің флагманы болып табылатын Абай университеті жасыл университет, цифрлық университет және педагогикалық зерттеу университетін құру жолында жаңа инновацияларды енгізе отырып, жаңа формациядағы педагог кадрларды даярлауда және ғылым саласын дамытуда әлемдік тәжірибені қолданылатынын атап өтті.

Іс-шараның салтанатты ашылу рәсімі бары-

сында Хироки Фуджи мен Рае Квон Чунгқа «Абай атындағы ҚазҰПУ-дың құрметті профессору» атағы берілді.

Профессор Рае Квон Чунг қазіргі экологиялық зерттеулердің маңыздылығына тоқталып, өскелең ұрпақтың назарын Жасыл экономикаға аудару қажеттілігіне баса назар аударды. Ол сондай-ақ, климатты сақтау және оның өзгеруіне қатысты күресті тек қаржы, технология және экономика арқылы ғана емес, адамдардың ойлау қабілетіне әсер ету арқылы да жүргізуге болатынын және бұл жерде жоғары оқу орындары шешуші рөл атқаратынын атап өтті.

Іс-шараға қатысушылар білім беру бағдарламаларын климаттың өзгеруінің сын-қатерлеріне бейімдеудің, осы процеске стейкхолдерлерді тартудың және климаттың өзгеруіне тиімді әрекет етуге қабілетті білім берудің тұрақты экокүйесін қалыптастырудың өзекті мәселелерін талқылады. Форум озық тәжірибелер мен ғылыми зерттеулермен алмасуға ықпал етіп, Азиядағы экологиялық білім беру саласындағы болашақ ынтымақтастықтар мен жобалардың әлеуетін арттырады.

Форум аясында пленарлық отырыстар мен тақырыптық сессиялар өтті, онда Орталық Азиядағы климаттың өзгеруі саласындағы білім беру: прогресс және перспективалар; Азиялық педагогтардың климаттың өзгеруі бойынша білім беру бағдарламасы; Орталық Азия университеттерінің өкілдерімен Диалог: Өзбекстан және Қырғызстан, тұрақты дамуға арналған студенттік стартаптар сияқты негізгі мәселелер талқыланды. Климаттың өзгеруі саласында тиімді және жан-жақты білім беруді қамтамасыз ету үшін осындай бастамаларды жалғастыру қажеттігі атап өтілді.

Нұрсұлтан БАКАНОВ, докторант

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ЕРТЕҢІ

Еліміздің жетекші педагогикалық жоғары оқу орны - Абай университетінде Ашық есік күні өтті. Іс-шараға Алматыдан және еліміздің басқа да өңірлерінен келген талапкерлер мен олардың ата-аналары қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты болашақ студенттерге университет атмосферасына енуге, оның білім беру бағдарламаларымен, инфрақұрылымымен және студенттік өмірімен танысуға мүмкіндік беру болды. Іс-шараға қатысушылар Қазақстандағы педагогикалық білім беру флагманы туралы маңызды ақпарат алып, университеттің білім беру саласындағы қызметімен танысты. Бакалавриат, магистратура және докторантураға арналған білім беру бағдарламалары және университет студенттерінің кәсіби қабілеттерін шыңдаудың бірегей мүмкіндіктері ұсынылды.

Ашық есік күні болашақ студенттерге университеттің академиялық және мансаптық мақсаттарына қаншалықты сәйкес келетінін түсінуге қолайлы жағдай жасалды. Әлемдік стандарттарға сай мамандар даярлауға бағытталған 180-нен астам білім беру бағдарламалары, сонымен қатар қос диплом және академиялық ұтқырлық бағдарламалары білім берудің әр кезеңінде білім алушылардың кәсіби білімін шыңдап, олардың мансап жолындағы қажетті дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Іс-шара соңында қатысушылар университет қызметі, мамандық таңдау тәсілдері, сондай-ақ жұмысқа орналасу перспективалары туралы ақпараттық жұмысты жоғары бағалады. Ашық есік күні жоғары деңгейде өтті. Университет өкілдері талапкерлер мен олардың ата-аналарының сұрақтарына егжей-тегжейлі жауап беріп, студенттік өмір мен білім беру бағдарламалары туралы маңызды ақпараттармен бөлісті.

Өз тілшімізден

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

ДЗЮ-ДО



Гангонг қаласында өткен дзюдодан Азия чемпионатында Абай университетінің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенті, Ұлттық құрама мүшесі Эсмигуль Куюлова (63 кг.) Азия чемпионатының қола медаліне қол жеткізді. Шешуші кезеңде біздің отандасымыз Зулхумар Дашкинова-мен (Түрікменстан) белдесіп, қарсыласын айқын басымдықпен жеңді. Бұл Э.Куюлованың Азия чемпионатындағы алғашқы жүлдесі.

Әзіл

Екі студент кездесіп қалады. Біріншісі екіншісінен:
– Қайда асығып бара жатырсың?
– Емтиханға!
– Емтиханың қай пәннен?
– Барғасын айтады ғой...

Каусар ДОСБОЛАТ, студент

Адамға өлшеп берілген санаулы ғұмырдың мәні неде? Адам кім үшін нәм не үшін талпынады? Құдай адамға тағдыр кітабын берсе, оның қасына таңдау құқығын да берген екен, яғни адам өз өмірін қандай жолға арнаса да, оның өз еркі мен қалауы есептелінеді. Бала Димаш өз еліне адал қызмет ету арқылы өз тағдырының тізгінін ұстап, уақыт пен кеңістікті өзіне бағындыра білді. Алайда, бала Димаш ұлы тұлға Дінмұхамед Қонаевқа қалай айналды? Даңғыл жолдың тауқыметтері мен соқпақтарынан қаймықпай өтіп, елім деуіне дара тұлғаға не себеп болды?

18 мамыр 2024 жылы Алматыда «Музейлер түні» бағдарламасы өтті. Әрине, мен үшін бұндай іс-шараның басы-қасында жүру үлкен құрмет. Мұндай күнді текке өткізбеу мақсатында, осы күні мен өз тобыммен бірге Қазақстан үшін еңбегі зор тұлға Дінмұхамед атамның

ішінде жұмысыдан басшылыққа дейін өсірді, жоғарғы тарап мұндай талантты адамдардың соғыста мерт болуын есте қалаған жоқ, сол үшін де соғысқа өз еркімен қатысып, өз Отанын қорғауға деген тұлғаның өтінішін бірнеше рет қабылдамады. Атамның жұмыс істеу мәнерінде тап-тұйнақтай атқару мен реалистік көзқарасы, өнеркәсіптік ой-санасы көптеген бастамаларда оны алдыға жетеледі. Тіпті, тұлғаның арқасында Риддер қаласы үлкен өнеркәсіптік орталыққа айналып, өзіндік мәртебеге ие болды. Бұл жағдайға адекватты қарау мен бағытты құрастырудағы тәжірибелі мамандардың нұсқаулықтары мен еңбектері оқу оң нәтиже әкелді.

Өмірлік жары екеуінің арасындағы шексіз де тұңғыш сыйластық пен сенімнің аясы бізге махаббатқа қайта сенуімізді, шынайы көңілмен сүйе

ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ МҰРАЖАЙЫНДА



музейіне бардық. Кіргеннен басталатын бұл таңғажайып сезім, бір сәтке атамның бірге бір уақыт ағынын сезінуге мүмкіндік берді. Алғашқы көрген дүние ол – кітап. Кітап осы кісі үшін маңызды құндылықтардың бірі екенін айқын түсінуге болады. Музейде алғашқы жасалған қадамдар өзінен кейінгі қалдырған ерекше мұрасы өзі жазған кітаптармен басталады, ал өз үйі әлем бойынша жинақталған әртүрлі жанрдағы бес мыңға жуық кітаппен аяқталады.

Музейдегі өмір жолына қарасақ, қарапайым отбасы мен кәдімгі инженер мамандығынан басталған жол. Осындағы менің түсінгенім мынау, барлығы да өз жолын өзі құрастырады, бала Димаш та өзіндегі тәрбие мен тектілікті үйлестіре отырып кейінгі жолының негізін өзі қалады. Әркім өзіне сену керек, әрі істеп жатқан ісінің адалдығы мен дұрыстығына кәміл сенімді болса, ең соңында барлық жұмысының өнімді нәтижесі болады. Дінмұхамед атамның оны озық, жаңашылдыққа құмар, білімді дұрыс пайдалана білу қасиеті оны Риддерде ұш-ақ жылдың

білуді үйретердей. Зухра Шәріпқызы өзінің мейірімімен, адалдығымен, көрегенділігімен, пысықтығы және талғамымен нардай азаматтың жүрегін жібіте білді. Ал Зухра апамызға деген қамқорлық пен шынайы сезім 50 жыл бойы өзіндік жылуын беріп тұрды. Қазіргі таңдағы өзекті бала мәселесіне келгенде, апамыздан туылмаса, өзгеден ештеңе күтпейтінін батыл айтқан атамның сөздері маған үлкен әсер қалдырды. Меніңше шынайы махаббаты жемісі болған бала ғана жақсы қасиеттерден құралатын тәрзіді, мұны бұл кісілер де білгендей. Сұрапыл саясат тығырыққа тіресе де, сенім артатын адамдардың ортасында өмір сүру бақыты Дінмұхамед атамның бұйырған екен. Өзінің маңдай терімен жеткен билік басынан бір сәтке түскенде, желтоқсан оқиғасы әсерінен ұйқамақта отыру, қолыңдағы елге көмек берер күшіңнен айырылу кез-келген адам үшін ауыр азап болар еді, алайда нар тұлға мұны да еңсерді.

Елінің соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі елге түскен ауыртпалық атамның жанына батты. Мәнсіз реформалар мен жүйесіз заңдар халықтың түбіне жетері анық еді, ал сол кездегі Верныйдың (қазіргі Алматының) құрылысы болашаққа тапсырылған аманаттың бірі еді. Қазіргі таңда көріп жүрген ғимараттар мен зәулім сарайлардың барлығы дерлік атамның бастамасы, құрылысы, еңбегінің нәтижесі. Бұл үшін де, еліміздің жастары тұлға әруағына тағзым етіп, бас иеді. Ендігі кезекте Алматы тек қала емес, жастардың баруға талпынатын мәдениет пен білімнің ұштасқан отаны болды. Ең басында қойылған сұрақтарға жауап табылды деп ойлаймын, Дінмұхамед Қонаевтың отбасы мен Отанына деген кіршіксіз таза көңілі ғана оны ел жадында қалуға көмектеседі. Мен мұндай тұлғалардың қазір де, кейін де болғанын қалаймын. Өзім де елге адал қызметіммен есте қалғым келеді. Дана тұлғаның дара жолы маған және менің тобымды елге қызмет етудің маңызын ұқтырғандай. «Су ішкен құдығыңа түкірме» дейді қазақ, сондықтан атаның ұлы болу емес, елдің, адамның ұлы болған үлкен нығмет.

Каусар ДОСБОЛАТ, студент



МЕНШІК ИЕСІ:
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бас редактор
Болат ШАРАХЫМБАЙ
Көркемдеуші-дизайнер
Нұрбол ЖЕТИГЕНОВ
Акерке ЫСҚАҚ
фототілші
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның
мекен-жайы: 050010
Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі,
30-үй, № 323-бөлме.
Байланыс тел.: +7 /727/ 291-37-56
Газет бүкіл республикаға тарайды.

Тапсырыс № 224
Индекс 65285
Таралымы 1000
• Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдірмейді.
• Редакцияға түскен материал
қайтарылмайды.

«ҰЛАҒАТ» баспасының
баспаханасында басылды

Баспа директоры
Тағат ӘЛИАСҚАРОВ

Баспаның мекен-жайы:
050010
Алматы қаласы,
Қазыбек би көшесі, 30 - үй.